

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300», «8D02206 – Тарих», «6D020800», «8D02205 - Археология және этнология» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 5
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 10 адам, олардың ішінде 5 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 5 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Дуйсебаева Айбуби Иманалиевна	1. Құндақбаева Жанат Бековна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан). 2. Ян Кэмпбелл – PhD, қауымдастырылған профессор, Калифорния Университеті-Дейвис (Дейвис, Калифорния, АҚШ).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2	Бахтыбаев Мэлс Маратович	1. Елеуов Мадияр – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан). 2. Атакан Акчай – PhD, доцент, Анкара Хажы Байрам вели университеті (Анкара қ., Түркия)	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
	Закарья Рахметолла	1. Көкебаева Гүлжаухар Какенқызы – т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан). 2. Вольфганг Мюллер – доктор, профессор, Вена университеті Шығыс Еуропа тарихы институты (Вена қ., Аустрия).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
	Ишкалова Гульбану Исмагуловна	1. Қалыш Аманжол Боранбайұлы – тарих ғылымдарының докторы, әл-	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

		Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры. 2. Оджал Огуз Мехмет – PhD, Хажы Байрам Вели университеті Түрік халқы білімі кафедрасының меңгерушісі, профессор (Анкара, Түркия)	
	Пазилова Ержана Джаркинбаевич	1.Қойгелдиев Мамбет Құлжабайұлы - тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан); 2.Бенедиктас Шеткус - PhD, профессор. Ұлы Витаутас университеті (Vytauto Didžiojo universitetas) (Каунас қ., Литва).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Дуйсебаева Айбуби Иманалиевна– диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты 1868-1917 жылдардағы қазақ жерінің империялық ветеринарлық қызмет жүйесіне енуіне талдау жасап, қазақ мал шаруашылығы тәжірибесінің қаншалықты өзгергенін көрсету.

Бахтыбаев Мэлс Маратович – диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты – археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде атқарған археологиялық зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын, оның нәтижелерін және үйірменің қызметі жайлы қорытынды жасап, Қазақстан археология ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін көрсету.

Закарья Рахметолла –диссертацияның мақсаты Кеңес Одағының еуропалық саяси эмигранттар мен иммигранттарға қатысты саясатының қалыптасу негіздерін, олардың «социалистік» деген атау алған қоғамға бейімделу жағдайларын зерттеу болып табылады.

Ишкалова Гульбану Исмагуловна – диссертацияның мақсаты – қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді қарастыру. Диссертациялық зерттеу жұмысы XVIII ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының дәстүрлі аңшылығын тарихи-этнологиялық тұрғыда кешенді түрде қарастыруға арналған.

Пазилова Ержана Джаркинбаевич – диссертацияның мақсаты 1948-1991 жылдар аралығындағы Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмірінде орын алған басты өзгерістерді және даму ерекшеліктерін кешенді зерттеу. Диссертациялық жұмыста 1948-1991 жылдар аралығын қамтитын кеңестік кезеңдегі Кентау қаласының тұрғындарының күнделікті өмірі тың архив деректері негізінде талданады. Әсіресе, Кентау қаласының тұрғындарының күнделікті өмірінің маңызды аспектілері – неке-отбасылық қарым-қатынастар, еңбектегі күнделіктілік, тұрмыстық жағдайлары мен бос уақытының ұйымдастырылуы, кеңестік кезеңдегі халықтың бұқаралық санасы, бірегейлігі және тұрмыс салт ерекшеліктерінің қалыптасуын зерттеуге баса назар аударылады.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық зерттеу «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының ережелеріне сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары және Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері, ҚР кәсіп-қон саясатының тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР кәсіп-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы және ҚР БҰҰ ДБ аясында қандастарды бейімдеу орталықтарынан алынған мәліметтер тақырыптың зерттелу аясын кеңейте түседі.

Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының ережелеріне толық сәйкес келеді.

ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарлы баяндамасында «Ұлы Даланың ұлы есімдерін» Ұлы Даланың жеті қырының бірі деп танып, Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып, беріктігін сақтауда еңбек еткен тұлғаларды зерттеп, халық жадына танытуды мемлекеттік саясат деңгейіне шығарды. Қазақ мемлекетінің руханилығын танытқан тұлғалар қатарында, әрине діни тұлғалардың есімі тұрады. Диссертациялық жұмыстың құндылығы діни тұлғалардың Қазақ жерінің батыс өңіріне шоғырлануының, Қазақ жерінің батыс өңірінде далалық мешіт, далалық мектеп-медреселердің басым дамуының себептерін талдауында арта түседі.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер диссертацияның мазмұнын жүйелі ашатын тақырыптарға сәйкес отандық және шетелдік басылымдарда 8 мақалада жарияланды: оның ішінде Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4; отандық және халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 3; Web of Science деректер базасында индекстелген импакт-факторы жоғары журналда – 1.

Алынған нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 12 мақала түрінде жарыққа шыққан. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда – 1 мақала, 5 халықаралық симпозиум ғылыми конференция материалдары мен тезистері, 1 ұжымдық монография.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мынадай халықаралық ғылыми конференцияларда жасалған баяндамалардан жан-жақты көрініс тапты, оның ішінде: Халықаралық Scopus базасына енетін журналда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ҒЖБСҚК бекіткен басылымдарда – 5 мақала, халықаралық конференция жинақтарында – 3 мақала, барлығы – 11 мақала жарияланды.

Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырыптарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 7 мақала жарияланды: оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 3 мақала; республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда 3 мақала; «Web of Science» және «Scopus» халықаралық деректемелер базасына қатар енетін журналда 1 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының басты ғылыми нәтижелері мен қорытындылары 18 ғылыми жұмыс түрінде жарық көрді. Оның ішінде ҚР ҒЖЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған отандық ғылыми журналдарда – 6 мақала; отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 3 мақала; шетелдік халықаралық конференцияларда – 3 мақала; шетелдік рецензияланған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, «Scopus» ғылыми деректер базасының құрамына енген ғылыми журналда – 1 мақала, 1 ұжымдық монография

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	Мамандық шифры мен атауы			
	8D02206 Тарих	6D020300 Тарих	6D020800 Археология және этнология	8D02205 - Археология және этнология
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	3	-	2
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-

қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____ Құндақбаева Ж.Б.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ Исакова Ғ.З.

Мөр Мерзімі 2023 жылғы " __ " _____